

ЖАҢАЛЫҚТАР

Прокурор журналист Гүлнәр Бажкенованы сегіз жылға соттауды сұрады

Азаттық радиосы

15 тамыз 2026 жыл, 10:56



Гүлнәр Бажкенова.

Прокурор Қуаныш Қанапиянов Orda.kz басылымының бұрынғы бас редакторы Гүлнәр Бажкенованы тағылған айыптардың жиынтығы бойынша сегіз жылға бас бостандығынан айыруды сұрады. Сонымен бірге прокурор жазаны өтеуді екі жылға кейінге қалдырып, Бажкенованы бес жыл журналистік, қоғамдық және басшылық қызметпен айналысу құқығынан айыруды ұсынды.

Іс бойынша жарыссөз Алматының Бостандық аудандық сотында 14 тамызда басталған. Бұл туралы журналистің адвокаты Эльдар Мусаевқа сілтеп, "[Власть](#)" басылымы жазды.

Прокурор көрінеу жалған ақпарат таратты деген айып бойынша Қылмыстық кодекстің 274-бабымен бір жыл алты ай түрме жазасын сұрады. Ұйымдасқан топ құрамында немесе аса ірі көлемде бөтеннің мүлкін иемдену немесе ысырап ету айыбы бойынша сегіз жыл, ал заңсыз кәсіпкерлікпен айналысты деген айып бойынша екі жыл алты ай түрме жазасын сұраған. Айыптардың жиынтығы бойынша прокурор Бажкенованы сегіз жыл бас бостандығынан айыруды сұраған.

Соттағы жарыссөз дүйсенбіде жалғасады. Онда Бажкенова мен жәбірленушілер сөз сөйлеуге тиіс. Бажкенова 2025 жылғы 1 желтоқсаннан бері ұйқамақта отыр. Ол өзіне тағылған айыптардың ешқайсысын мойындамайды.

274-бап бойынша айып тағуға Orda.kz сайтында жарияланған сегіз материал себеп болған. Айыптау эпизодтарының бірі Алматы қаласы прокурорының бұрынғы орынбасары, қазір Бас прокуратура жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Алматы облысы бойынша департамент басшысы Нұрлан Ауғанбаевқа қатысты жарияланған мақалаға байланысты. 2024 жылдың мамырында Orda.kz сайтында Ауғанбаевтың пара алды деген күдікпен ұсталғаны жөнінде мақала жарияланған. Сол күні Алматы прокуратурасы бұл ақпаратты жоққа шығарып, ресми мәлімдеме жасаған.

Сотта Бажкенова өзі басқарған редакция жариялаған материалдарды "көрінеу жалған ақпарат тарату" деуге еш негіз жоғын айтып, журналистер қоғам үшін маңызды ақпаратты тексеруге тырысты және ресми органдардан жауап алғаннан кейін де оқиғаның өзін – жаппай хабарлама таралғанын – жариялау міндетімізге жатады деп мәлімдеген.

Ол редакцияға "Ауғанбаев пара алмақ болғанда ұсталған" деген хат түскенін, журналистер ол бойынша бірден Бас прокуратура мен Алматы прокуратурасына ресми сауал жолдап, кейінгі жарияланған материалда ол ақпараттың жалған екенін көрсеткенін айтқан. Ауғанбаев сот отырысына қатысқан жоқ. Сотқа дейінгі тергеу кезінде берген жауабында ол прокуратура ресми түрде жоққа шығарғанына қарамастан Orda.kz әлгі ақпаратты түрлі платформада таратқанын, сөйтіп арнамысы мен іскерлік беделіне нұқсан келтіргенін мәлімдеген.

Бажкенованың сөзінше, журналистер тіпті ресми органдардан жоққа шығарған жауап алғаннан кейін де билік өкілінің ұсталғаны жайлы хат жаппай таралғанын елеусіз қалдыра алмаған.

"Маған оның ұсталмағаны жайлы хатты алсаң да неге (ұсталған-мыс деген хабарды) жарияладың деп сұрақ қоятын шығарсыз. Біз қоғам үшін жұмыс істейміз, ол (Ауғанбаев) туралы жаппай таралған ақпараттың өзі – қоғам үшін маңызды факт. Біз сұрау салып, ресми жауап алдық және осы жайттың бәрін

жариялауға тиіспіз", – деп түсіндірді ол сотта. Бажкенова "Көрінеу жалған ақпарат тарату" бабы бойынша өзіне тағылған өзге айыптарға да келіспей, өзінің кінәсі жоқ екенін айтып отыр.

Полицияның мәліметінше, Гүлнәр Бажкенованың үстінен қылмыстық істер азаматтар жазған арыздар бойынша қозғалған. Іс материалдарында 11 адам жәбірленуші ретінде көрсетілген. Олардың арасында OrdaMedia.kz ЖШС директоры Мақсат Ғаниев, "Қазақстан темір жолы", "ҚазМұнайГаз" және басқа ұйымдардың өкілдері бар.

Бұған дейін "Әділ сөз" баспасөз бостандығын қорғау ұйымы мен Қазақстан журналистер одағы да Бажкенованың жағдайына алаңдаушылық білдіріп, **мәлімдеме жасаған**. "Әділ сөз" "тараптардың процессуальдық құқығы мен қылмыстық-процессуальдық кодекстің сақталуы керегіне назар аударады", ал Қазақстан журналистер одағы да істі "объективті тексеруге" шақырған.

Былтыр шілдеде Orda.kz басылымының негізін қалаушы әрі бас редакторы Гүлнәр Бажкенова иелігіндегі медианы билікпен байланысы бар адамдар рейдерлік жолмен тартып алғалы жатқанын мәлімдеген. Бұған дейін де түрлі қысым жасалып келді деген журналист сайтты алып қалу үшін Қазақстанның да, АҚШ-тың да сотына арызданып жатқанын айтқан.

Қыркүйектің басында Orda.kz басылымы өз дереккөзіне сүйеніп, Қазақстанның сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу мен кәсіпкер Гаджи Гаджиев және ҰҚК-нің бірқатар қызметкері ұсталды деп хабарлаған. Кейін Нұртілеу ел алдына шыққан соң Бажкенова өз сөзіне "дәлел барын", бірақ "жеңілгенін" айтып **жазба** қалдырған. Дегенмен, қозғалған қылмыстық істердің бұл оқиғаға қатысы бар-жоғы туралы ештеңе айтылған жоқ.